

Мен үшін жамбы ату - жай ғана спорт емес, терең рухани тәжірибе. Бұл өнермен айналыса жүріп, атпен тіл табысуды, шабыс ырғағын сезінуді, өзінді басқара білуді, дәл сәтті танып, батыл шешім қабылдауды үйренесің. Ат үстінде нысанаға дәл тию үшін сана ашық, ой жинақы, көңіл орнықты болуы шарт. Осы қасиеттер уақыт өте өзіңнің мінезінде де көрініс береді. Жамбы ату арқылы шыдамдылықты, табандылықты, сенімділікті қалыптастырдым десем, қате айтқаным емес.

Жамбы атудың жас ұрпақ үшін берер тәрбиелік мәні өте көп. Ол баланы батырлыққа, жауапкершілікке, ұлттық болмысқа құрметпен қарауға баулиды. Жас спортшылар атпен жұмыс істеуді үйрене отырып, табиғатпен үйлесімді өмір сүруді, ер-тоқым үстінде өз-өзін басқаруды, іс-әрекетке дәлдік пен есеппен қарауды меңгереді. Бұл қасиеттер олардың болашақ өмірінде де маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, жамбы ату ел тарихына қызығушылықты арттырады: әрбір жас спортшы садақтың, жебенің түрлерін, көне дәстүрлерді, батырлар өмірін зерттей бастайды. Осылайша, ұлттық өнер - ұрпақты тарихымен қайта табыстыратын көпір қызметін атқарады.

Жамбы ату - қазақтың өткені ғана емес, бүгінгі мен болашағы. Оның тарихи тамыры тереңде жатқанымен, қазіргі қоғамдағы орны да ерекше. Бұл өнер - бір жағынан ұлттық құндылықты сақтаудың жолы болса, екінші жағынан жастарды тәрбиелеудің тиімді тетігі. Ал жеке спортшы ретінде айтарым: жамбы ату адамды ішкі және сыртқы жағынан шыңдайтын, рухты көтеретін, ұлттық болмысты жүрекке мөрлейтін ерекше өнер.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қайратұлы Б. Жамбы ату. Қазақтың мергендік өнері : ғылыми-публицистикалық һәм этнографиялық пайым. -Астана,- 2024.-160 б.
2. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. -Алматы, 1994.-144 б.
3. <http://e-history.kz/kz>.
4. Мемлекеттік/қоғамдық сайт: Қазақстандағы ұлттық спорт түрлері: даму жолдары және жетістіктері.

### **АРАЛ АПАТЫНЫҢ ЖӘНЕ СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ МӘДЕНИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЖАДЫНА ӘСЕРІ**

**Ауганбай Н.**

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

[nursatauganbay@gmail.com](mailto:nursatauganbay@gmail.com)

Қарағанды қ.

Табиғат - адамзат өркениетінің тірегі, ал оның әрбір өзгерісі қоғам өміріне тікелей ықпал етеді. Қоршаған ортаның бұзылуы, табиғи тепе-теңдіктің шайқалуы немесе ғылыми-техникалық прогрестің бақылаусыз қолданылуы тек табиғи ландшафтарды ғана емес, тұтас халықтардың денсаулығы мен тұрмысын өзгертетін ірі әлеуметтік-экологиялық мәселелерге алып келетіні белгілі. Қазақстан аумағында ХХ ғасырда орын алған Арал теңізінің тартылуы мен Семей ядролық полигонының жұмысы - табиғатқа жасалған ауыр қиянаттың, адам қолымен жасалған екі үлкен апаттың айқын дәлелі. Бұл екі трагедия бір-бірінен бөлек көрінгенімен, екеуін байланыстыратын ортақ фактор бар: ол - сол дәуірдегі саяси-экономикалық мүдделердің экология мен адам тағдырынан жоғары қойылуы.

Өткен ғасырдың ортасына дейін Арал теңізі - балыққа бай, климаты жұмсақ, жағалауы жасыл белдеу болып келген алып су айдыны еді. Оның суы тек Әмудария мен Сырдарияның ағысына тәуелді болса да, ғасырлар бойы табиғи тепе-теңдігі сақталып келді. Алайда Кеңес Одағының ауыл шаруашылығын кеңейту, мақта жоспарларын орындау, суармалы алқаптарды ұлғайту мақсатында жүргізілген ирригациялық саясат теңіз тағдырын күрт өзгертіп жіберді. Экологиялық салдары ескерілмеген жобалар, өзен суларын бұру, каналдарды тым көп салу нәтижесінде Арал теңізінің деңгейі төмендеп, ол біртіндеп әлем алдында бұрын-соңды болмаған экологиялық апат аймағына айналды. Тұздылықтың артуы, флора мен фаунаның жойылуы, аймақтың климаттық өзгерісі, халық денсаулығының нашарлауы - бұл трагедияның тек бір бөлігі ғана. Арал мәселесі бүгінде тек Қазақстанның ғана емес, тұтас адамзаттың ортақ қасіреті ретінде қарастырылып отыр.

Еліміздің шығысындағы Семей өңірі де дәл осындай тарихи әділетсіздіктің құрбаны болды. 1949 жылдан бастап 40 жыл бойы ядролық қаруды сынаудың негізгі орталығына айналған бұл аймақтың тағдыры да адам еркінен тыс шешілді. Миллиондаған гектар жерді қамтыған полигонда

жүздеген жарылыс жасалып, оның салдары жергілікті тұрғындардың денсаулығына, экожүйеге және ұрпақ болашағына орасан зиян келтірді. Радиациялық ластану салдарынан пайда болған аурулар, генетикалық мутациялар, ерте өлім, табиғи ортаның құлдырауы - мұның бәрі табиғаттың ғана емес, адамның қадір-қасиетінің аяққа тапталғанын көрсетті. Полигон жұмысы құпия сақталғандықтан, ондаған жылдар бойы халық нақты ақпаратсыз өмір сүріп, ешқандай қорғаныссыз зиянды әсерге ұшырады. Бұл жағдай кеңестік жүйенің адам өмірін елемей, әскери мүддені бәрінен жоғары қойғанының айқын дәлелі болды.

Арал мен Семей трагедиялары - тек тарихи дерек немесе өткен күннің өкініші емес. Олар бүгінгі ұрпаққа экологияны қорғаудың қаншалықты маңызды екенін, табиғаттың шексіз емес екенін, кез келген теріс әрекеттің ерте ме, кеш пе өз салдарын көрсететінін ұғындыратын үлкен сабақ. Екі апаттың да ортақ тұсы - адам факторы. Бірі - экономикалық мақсатпен өзендерді бұру арқылы, екіншісі - әскери саяси мақсатпен атом қаруын сынау арқылы жасалды. Екеуі де табиғатты қалыпты күйінен айырды, халық денсаулығына орны толмас зиян келтірді.

Сондықтан бұл екі тарихи мәселені ғылыми тұрғыдан қарастыру - бүгінгі қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруда, қоршаған ортаны сақтау жауапкершілігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Арал теңізінің тартылуы мен Семей полигонының зардаптары - Қазақстан тарихындағы ең ірі экологиялық және гуманитарлық апаттар ретінде, әлемдік қауымдастыққа да экологиялық қауіпсіздік мәселесін қай деңгейде қарастыру керектігі жөнінде ой салады. Бұл екі апат - табиғатқа жасалған қысымның, ғылыми-техникалық мүмкіндікті жауапсыз пайдаланудың және империялық саясаттың ащы сабақтары. Бүгінде бұл трагедиялар тек өткеннің тарихы емес, экологиялық қауіпсіздік, адам денсаулығы, табиғатты сақтау және ұлттық сананы оятудың маңызды мәселелеріне айналып отыр. Сондықтан Арал мен Семей полигонының тағдыры - өзекті зерттеуді қажет ететін, адамзатқа ортақ ғибрат.

Алып көлдің аумағына 70 мың шаршы километр, ал тереңдігі 60 метрден асатын. Балықтың 30 дан астам түрі бар. Жылына 60 мың тоннадан артық балық ауланады. Кеме қатынасы, корабльдер қаптаған кеме жайлар жақсы дамыған. Ал жағалауы алуан түрлі өсімдікке бай. Бұрын осындай болған деп қазір Арал теңізі туралы айту қиын. Ол өткен ғасырдың ортасына дейін сондай болды. Бір кездері Арал көлемі жағынан әлемде төртінші көл саналған еді. Ондағы бүкіл су оған келіп құятын Әмудария мен Сырдария өзендерін қамтамасыз етті.

1930-шы жылдардың аяғында Кеңес су министрлігі Сталинның басшылығымен Орталық Азия даласын суару үшін ірі көлемді су ауыстыру жобасын бастады. Осы кезеңде мақта өндірісі үшін алғашқы каналдар салына бастады. Ал 60-жылдары бұл құрылыс үдей түсті. Өзендердегі сулар қайта бастады. Сөйтіп, Арал теңізі көз алдымызда таяздана берді. Жаңбыр мен қар, жерасты көздерінің сулары, әрине оны қоректендірді, бірақ ол жеткіліксіз болды. Арал теңізі шөлден зардап шекті. Сексенінші жылдардың аяғында судың деңгейі төмендегені соншалық, ол екіге бөлінді: Солтүстік (Кіші Арал) және Оңтүстік (Үлкен Арал). Теңіздің тұздылығы 10 есеге артты. Бұл балықтардың азаюына, тіпті жойылып кетуіне әкелді [3, 15 б].

1960 жылдан 2009 жылға қарай Арал теңізінің ауданы 67499 шаршы шақырымнан 6700 шаршы шақырымға дейін қысқарды. Тұздылығы 10 промилледен 102 промиллеге көтерілді. Жануарлардың 173 түрінің 38-і түрі ғана қалды, олардың өзі түр байлығы мен алуан түрлілігі өте төмен. Балықтың 30 түрінен 1970 жылға қарай бәрі жойылды. Қамыс қопалары 600 мың гектардан 100 мың гектарға дейін қысқарды [3, 19 б].

Мақта өте нәзік, ол көп суды ғана емес, сонымен бірге зиянкестерден (шіркейлер, құрттар) және арамшөптерден үнемі қорғауды қажет ететін еді. Осы зиянкестермен күресу үшін егістік алқаптарына ұшақтармен және жердегі техникамен көп мөлшерде улы химикаттар (пестицидтер, инсектицидтер, гербицидтер) шашылды. Дәл осы химикаттарды шанды борандар бірнеше шақырымға дейін таратты. Соның салдарынан денсаулық проблемалары айтарлықтай артты: Өкпе, бүйрек тастар, сары ауру, жүрек-қан тамыр ауруларының саны өсті. Нәрестелер өлімі мен туа біткен ақаулар көбейді.

Нәресте өлімінің көрсеткіші республикалық көрсеткіштен жоғары (1000 тірі туылғандарға 9,8 промилле). Жүкті әйелдер анемиясының үлес салмағы республикалық мәннен 1,7 есе жоғары [3, 22 б]. Сонымен қатар табиғатқа айтарлықтай кесірін тигізді: Жануарлар мен құстар бұл жерден қашып, өсімдіктер жойыла бастады. 1990-жылдары бұрынғы жасылмен көмкерілген теңіз жағалауларында енді тұзды топыраққа бейімделген өсімдіктердің сирек шоқтары ғана бой көрсетті. 30,000 шаршы шақырымнан астам құрғақ теңіз түбі Аралқұм шөліне айналды. Жыл сайын 290 млн тонна тұзды және тозаңды дауылдар таралады. Арал маңында климат өзгерді: жазы ыстық, қысы суық, жауын-шашын азайды. 1960 жылдан бастап Арал теңізінің су деңгейі 13 метрге төмендеді, ал оның су көлемі 3 есе қысқарды. [3, 21 б].

Ең қайғылы жағдай кеңестік шенеуліктер салдарын түсінді, бірақ жалғастырды. Олар экономикалық мүдделерді экологиядан маңызды деп саналады. Өзбекстан Ғылым академиясының аға ғылыми қызметкері және Арал теңізін қорғау одағының төрағасы Юсуп Камалов айтқандай: "Арал теңізінің трагедиясының ең қайғылы және ренжітетін жағы - су министрлігінің ирригациялық каналды жобалаған кеңестік шенеуліктері Аралды құрғатып жатқандарын жақсы білді".

Көкарал бөгеті салынғаннан кейін балық аулау көлемі 400 тоннадан 6000 тоннаға дейін өсті. Теңіз деңгейі Балтық жүйесі бойынша +42 метрде тұрақталды. САРАТС жобасының екінші кезеңі іске асырылған жағдайда теңіздің су көлемі 51,2 млрд текше шақырымға жетеді, яғни қазіргі мөлшерден 1,8 есе өседі [3, 26 б].

Арал теңізінің тартылуы бірінші рет болып отырған жоқ. Мұндай жағдайлар тарихта бұрын да қайталанған. Оған дәлел Арал теңізінің тартылған бөлігінен табылған, XIII-XV ғасырларға тән ескерткіштер тобы. Бұл археологиялық кешендерге Арал асар, Кердері-1 және Кердері-2 деген атаулар берілген еді. Арал асар алтын орда дәуіріне тән қалашық ал Кердері-1 және Кердері-2 - сол дәуірге тән кесенер. Жәнеде тарихи карталарға қарап отырып, Арал теңізінің көлемі әр кезеңде әр түрлі болғанын көруге болады. Кейбір кезеңдерде ол қазіргідей үлкен емес, тіпті кейбір ежелгі карталарда оны табу қиынға соғады. Бұл Арал теңізіне құятын өзендердің саны мен су көлемінің үнемі өзгеріп отыруының нәтижесінде еді. Амудария өзенінің ағысының өзгеруі де теңіздің көлеміне әсер еткен. 600 жыл бұрын мұнда елді мекен болған. Сосын теңіз сулары қайта келіп, құрылыстарды басып қалды. Бұған табиғи факторлар ықпал етті. Қазір Арал өзін өзі құтқаратын күйде емес. Бұл осы апаттың себепкері болған адамзат үшін айрықша маңызды міндет болып отыр. Арал теңізінің тартылуы табиғи тепе-теңдіктің бұзылуының ауыр нәтижесі болса, қазақ жеріндегі келесі бір ірі апат адам қолымен жасалған ядролық сынақтардың зардабы еді [4].

Айнала жасыл желек, ауа таза, су көздері мол, ормандар мен өсімдіктер көп еді. Халқы мал шаруашылығымен, егіншілікпен және қолөнермен айналысатын. Ондағы тұрғындардың денсаулығы мықты болды. Бұл полигоннан зардап шеккенге дейінгі Семей, Абыралы, Беқарағай, Шаған өңірлерінің сипаты еді.

Совет Одағы тұсында қазақтар өз жерінде екінші санаттағы адамша күн кешіп жүрді. Славян емес ұлттар орыстардан төмен саналды. Қазақша сөйлескен адамдарды көру үшін алыс ауылдарға бару керек еді. Жергілікті мәдениет пен тіл екінші орынға ысырылды, орыс мәдениеті мен тілі үстем болды [1, 5 б].

Ал Семей ядролық полигонына тоқталатын болсақ, 1947 жылғы 21 тамыз. КСРО Министрлер Кеңесі мен КОКП Орталық Комитетінің аса құпия қаулысымен бекітілді. Ядролық сынақ алаңы ретінде Семей аймағынан 1,8 миллион гектар жерді белгілеп алды. Бұл құжат жергілікті тұрғындардан немесе Қазақ КСР басшылығынан сұралмастан, тікелей Мәскеуден қабылданды. Совет өкіметі қазақ даласын «аумақ бос, халық қоныстанбаған» деп сипаттады. Шынында, сынақ орнынан 120 шақырымда 120 мың адам тұратын Семей қаласы, 80 шақырымда мыңдаған адам мекендейтін ауылдар бар-тын [1, 18 б].

Семей қаласындағы ет комбинаты Совет Одағындағы ең үлкен зауыттардың бірі еді, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде сол жақтан шығатын шұжық пен консервіленген ет совет әскеріне азық болған.

1949-жылғы 25-тамыз Совет солдаттары жақын маңдағы ауыл тұрғындарын түгел сыртқа шығарып, етпетінен жатқызды. Бас көтеріп, көз ашуға болмайды деді. Таңғы сағат 07:00 бұрын-сонды естілмеген сұмдық гүріл пайда болды. Жер солқылдап, қара топырақ бетінен толқын жүріп өтті. Балшықтан соғылған үйлердің қабырғасы сөгіліп, терезелері шағылды.

Бұл - Совет Одағындағы алғашқы ядролық қару РДС-1 атом бомбасын жарған сәт еді. Оның қуаты - 22 килотонна. Қап-қара ядролық саңырауқұлақ көкке атылды. Шар тәрізді оттың ішіндегі температура 3000 градусқа жетті. Сол күні жарылыс эпицентріндегі радиация деңгейі секундына 5000 микро рентгеннен асты. Радиоактивті бұлт аймақ аспанын тұтас жауып, мың шақырымға дейін жетті. Сыртта жүрген адамдар радиацияға күйіп қалды.

Радиация әсерінен ауа, су, азық-түлік ластанып, әр адамның өмірі түбегейлі өзгерді. Жарылыс алдында ғалымдар мен әскери қызметкерлер атом жарылысы қуатын тексеру үшін сынақ алаңына мыңдаған хайуанды - қой, ешкі, шошқа, ит, қоян, тышқан, егеуқұйрық пен теңіз шошқасын айдап әкелген. Жарылыстан кейін әр жерде аң-құс бөлшектері шашылып жатыр. Терісі мен түгі күйген жануарлар есі шығып, безіп барады [1, 28 б].

Қазақ даласында атом бомбасын жару сәтін көруге келген беделді әскерилер мен Курчатов бастаған ғалымдар "істеп кетті" деп қауқылдасып бір-бірін құшақтап жатты. Дәл сол сәттен бастап, Совет Одағы ядролық державаға айналып. Семей жері мен жұртшылықты радиациямен ұзақ жыл

улауға кірісті. Бұл сынақ Совет Одағы тарихындағы ең ауыр зардабының басы болды. Өйткені Семей полигонындағы 40 жылдық сынақтан 1,5 миллионнан астам адам зардап шекті [5, 68 б].

Полигон қызметкерлері КГБ-ның қатаң бақылауында болды. Олар демалысқа шыға алмады, хаттары цензурадан өтті, теледидар жоқ еді. 1950 жылдары Курчатова қаласы қарқынды дамып, мектептер, ауруханалар, стадиондар салынды. Қалашықтың іргесіндегі ауыл тұрғындарының тұрмысы өте ауыр еді. Олар сапалы азық-түлікке жарымай, жақсы медициналық қызметке қол жеткізе алмады [1, 45 б].

1953 жылы термоядролық қару сынақтары басталды. Сол жылы Сталиннің қайтыс болуы ядролық бағдарламаға әсер етті. Хрущев билікке келгеннен кейін Берия тұтқындалды, бұл полигон жұмысына да өз әсерін тигізді [1, 56 б].

Бомбадан қалған ең қауіпті зат ол радиацияға тұнған топырақ, су, егіншілік, өсімдік. Ал оның сондай зиян екенін тек Совет одағының кей шенеуліктері білді. Оны ішкен жеген адамдарға радиация, тек сырттан ғана емес, іштей де енді. Ауыл тұрғындары саз балшық илеп одан кірпіш жасап үйлер салды. Олар ол топырақтың радиациямен ластанғанын білмеді. Сол үйлерде тұрып, күнделікті өмір сүрген адамдар радиацияны күн сайын бойына сіңіріп отырды. Сынақ жылдарында базарларда сатылған еттердің радиациялық деңгейі рұқсат етілген мөлшерден 2-3 есе жоғары болған. Ал өсімдік дақылдарындағы радиация мөлшері 4-5 есеге дейін жоғары болған. Демек, тек полигон маңындағы елді мекендер ғана емес, тұтас өңір радиациядан зардап шеккен.

Совет шенеуліктері полигон болардан бір сағат бұрын көзі ашық қырық азаматты жарылыс маңына жақын жерге қалдырып кеткен еді. Оның себебі - радиацияның адамға әсерін зерттеу үшін еді. Сол адамдардың барлығы тексерістен өткізілді. Сорақысы сол - тексеріс нәтижесі қауіпті екенін анықтаса да, еш міз бақпай ядроны сынақтан өткізе берді.

1957 жылы номері 4 емхана ашылады. Бұл емхана бруцеллезге қарсы емхана деп аталғанымен шын мәнінде бұл ядролық сынақтың адамға әсерін зерттеу үшін ашылған емхана болатын. Емхана ашыла салған соң дәрігерлер бірден дабыл қағады: радиацияның деңгейі өте жоғары екенін, адамдардың денсаулығы қатты нашарлап кеткенін хабарлайды. Бірақ совет билігі адамдардың денсаулығының нашарлауы өмір салтына, жеген тамақның сапасына байланысты деп еш міз бақпайды. Алғашқы жылдары бұл емханада 20мың адам тексерістен өтті. Оның бір бөлігі - осы полигон аймағының тұрғындары болса, қалғаны - Қазақстанның басқа аймақтарынан келгендер. Сол кездегі зерттеулер жергілікті адамдардың денесіне өмір бойына жететіндей радиация сіңгенін анықтады. Совет одағы отандастарымызға әскери-ғылыми зерттеу жүргізгенімен, оларды емдеген жоқ. Егер бір адам радиация салдарынан қайтыс болса, оны жай ғана "асқазаны ауырып қайтыс болды" деп тіркей салатын. Олар халықты мүлдем ойламады [2, 33 б].

Семей полигоны туралы терең зерттеу жүргізген Тоғжан Қасенованың пікірінше, Семейдің сынақ алаңына айналуының басқа да себептері болуы мүмкін. Соның бірі - бұл өлкенің Қазақстанның мәдени-рухани жүрегі болуы. Дәл осы жерде Алашорда үкіметінің туы тігілді, астанасы болды. Қазақ интеллигенциясының қаймағы осы қалада қалыптасты.

Дегенмен, қаншама жылға созылған сынақтар мен саяси қысым халықтың рухын сындыра алмады. 1989 жылы Олжас Сүлейменов бастаған «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы құрылып, халықтың үні әлемге естілді.

Жаудырап көзі, үмітпен қарап аспанға,  
Жер-Ана жатыр жарасы батқан тастарға.  
Семейдің жері - қасірет толы қаралы ән,  
Қырық жыл бойы уланған мынау жасқанба!  
Жарылыс үні жаңғыртып тау мен даланы,  
Улады түтін бесікте жатқан баланы.  
Абай мен Шәкәрім туған қасиетті жер,  
Полигон болып, жазылмас дертке барады.

Деп зарлаған халықтың табанды талабының арқасында, 1991 жылы 29 тамызда - алғашқы жарылыстан тура 42 жыл өткен соң - Қазақстан Президентінің жарлығымен Семей полигоны біржола жабылды. Қазақстан әлемде өз еркімен ядролық қарудан бас тартқан тұңғыш мемлекет ретінде тарихқа енді. Бұл шешім - қазақ даласындағы қасіретті жылдарға қойылған нүкте және бейбіт болашаққа жасалған тарихи қадам еді. Бүгінде қазақ елі - жаһандық қауіпсіздік пен бейбітшіліктің жаршысы.

Арал теңізінің тартылуы мен Семей ядролық полигонының зардаптары - Қазақстан тарихындағы ғана емес, бүкіл әлемдегі ең ауыр экологиялық апаттардың қатарына жатады. Бұл екі қасірет бір-бірінен географиялық тұрғыда алшақ болғанымен, олардың түпкі себептері ортақ: табиғи жүйелерді ғылыми талдаусыз басқару, саяси-экономикалық мүдделердің экология мен адам өмірінен

жоғары қойылуы, табиғат заңдылықтарын елемеу. XX ғасырда орын алған бұл оқиғалар адамзаттың өз қолымен жасаған экологиялық апаттың нақты мысалы болып қана қоймай, болашақ ұрпаққа маңызды сабақ қалдыруда.

Арал теңізінің тағдыры адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің қаншалықты нәзік екенін көрсетті. Өзендердің бұрылуы, мақта шаруашылығына судың шектен тыс пайдаланылуы теңіздің толықтай жойылуына әкелді: климат өзгерді, флора мен фауна жоғалды, халық денсаулығы күрт нашарлады, жаңа шөл - Аралқұм пайда болды. Бұл апат тек экологиялық емес, экономикалық, әлеуметтік және медициналық мәселе ретінде бүгінге дейін өзекті болып отыр. Дегенмен, Көкарал бөгетінің салынуы мен САРАТС жобасы сияқты бастамалар Аралды қалпына келтіруге болатынын дәлелдеп, үміт отын жақты. Солтүстік Аралдың қайта тірілуі - табиғатқа дұрыс бағытталған адам әрекетінің оң нәтиже бере алатынының айқын мысалы.

Ал Семей полигонының тарихы - ядролық қарудың күші мен оның адамзатқа тигізер зардабының символы. 40 жыл бойы жүргізілген ядролық сынақтар миллиондаған адамның денсаулығына зиян келтіріп, табиғатты қайтымсыз өзгеріске ұшыратты. Радиациялық уланудың әсерінен пайда болған аурулар, генетикалық мутациялар, күмбездей көтерілген жарылыстардың салдары бүгінгі күнге дейін сезіледі. Бұл қасірет ғылыми-техникалық жетістіктің адам өмірінен биік қойылуының қаншалықты қауіпті екенін дәлелдеп берді. Дегенмен, «Невада-Семей» қозғалысының құрылуы, халықтың белсенділігінің артуы және полигонның жабылуы - қоғамның күш біріктіргенде қандай тарихи шешімдер қабылдай алатынын көрсететін жарқын мысал.

Екі апат та - тарихи қателіктерді түсініп, оларды болашақта қайталамаудың маңызын көрсететін ескерту. Бұл мәселелерді зерттеу - тек өткенді еске алу емес, қазіргі және болашақ экологиялық қауіпсіздік стратегияларын әзірлеу үшін қажет міндет. Табиғат - шексіз ресурс емес, ал экологиялық тепе-теңдік - адамзат амандығының басты кепілі. Арал мен Семейдің тәжірибесі бізге табиғатты қорғаудың жаһандық деңгейде шешілуі тиіс ортақ мәселе екенін ұғындырады.

Қазақстан бүгінде экология саласында халықаралық бастамаларды қолдап, ядролық қарусыздану мен қоршаған ортаны қорғау жолында маңызды қадамдар жасап келеді. Бұл - өткеннің қасіретін ұмытпай, болашақ ұрпаққа қауіпсіз әлем қалдыруға бағытталған жауапкершілік. Сондықтан Арал теңізі мен Семей полигонының тарихы - тек қасірет шежіресі емес, сондай-ақ адамзаттың табиғатпен үйлесімді әрекет етуі қажет екенін дәлелдейтін тағылымды сабақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қасенова, Т. Атом улаған дала. - Алматы, 2015. -370 б.
2. Семей ядролық полигонының жабылуына 30 жыл. Құрастырған: З. Мұқанова, О. Кайсина, С. Саягуб. - Семей, 2021. -54 б.
3. Жумагулов, Б.У. Қызылорда облысы Арал ауданында экологиялық ахуалды жақсарту жолдары. - 2023. 42 б.
4. Қазақстан Республикасының Заңы. «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы». - Астана, 1992. - 30 маусым.
5. Қалиева, А. Б., Әбдікалыкова, Г. М. Экологиялық дағдарыстардың халық денсаулығына әсері: әдістемелік құрал. - Алматы, 2018. - 124 б.

### **ЛЕВ ГУМИЛЕВТІҢ «КӨНЕ ТҮРІКТЕР» ЕҢБЕГІ: ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ТАРИХЫ**

**Бегзатхан Ж.**

Ғылыми жетекшісі: оқытушы Химади М.С.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті

[meruert-kimadi@mail.ru](mailto:meruert-kimadi@mail.ru)

Қарағанды қ.

Лев Николаевич Гумилев - XX ғасырдың көрнекті ғалымы, тарихшы-этнолог, тарих және география ғылымдарының докторы, ақын, парсы тілінен аудармашы.

Лев Гумилевтің «Көне түріктер» (орысша - «Древние тюрки») атты еңбегі VI-VIII ғасырлардағы Түрік қағанатының тарихына арналған. 1967 жылы жарық көрген бұл еңбек жалпы түрік халқының пайда болуынан бастап, дамуы мен ұлы мемлекетке айналуын, мәдениеті мен әдебиеті, діні, салт-санасын түгелімен қамтиды. Сонымен қатар, әскери-саяси құрылымы және Қытаймен, Иранмен,